

Әлеуметтік ғылымдар факультеті

**БЕКІТЕМІН**  
Қабылдау комиссияның төрағасы,  
ректор

« 19 » \_\_\_\_\_ Е.Б. Сыдықов  
2019 ж.



**«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға қабылдау  
үшін арнайы емтиханның компьютерлік тестілеу  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Нұр-Сұлтан, 2019 ж.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға қабылдау үшін ауызша арнайы емтиханның компьютерлік тестілеу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.10.2018 ж. №600 қаулысымен бекітілген жоғары білімнің білім беру бағдарламалары іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Типтік ережелеріне сәйкес құрастырылған.


Бағдарлама құрыстырушылары: п.ғ.д., профессор Шалғынбаева Қ.Қ.  
п.ғ.к., доцент Омарбекова А.И.  
п.ғ.к., доцент Айтышева А.М.  
PhD доктор Исаханова А.А.

Бағдарлама кафедра мәжілісінде қарастырылған Хаттама № 8 «19» 03. 2019 ж.

Кафедра меңгерушісі

 К.Қ.Шалғынбаева

Факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясымен мақұлданды  
Хаттама № 9 «15» 04. 2019 ж.

Факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясының  
төрағасы  Ж.К. Аубакирова

Факультет деканы  Б.Б. Кашхынбай

Келісілді:

Бірінші проректор,

оқу жұмысы жөніндегі проректор  А.Молдажанова

## Бағдарлама мазмұны

№	Атауы	Беттері
1	«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша педагогикалық жағдаяттарды шешу мақсаты және міндеттері	4
2	«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша тұлғаларды дайындау деңгейлеріне қойылатын талаптар	4
3	Арнайы емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламаларындағы топтар тізімі	4
4	«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнайы емтиханның компьютерлік тестілеуді бағалау критерийлері	5
5	«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнайы емтиханның материалдары	6
6	Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	39

## 1. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша педагогикалық жағдаяттарды шешу мақсаты және міндеттері

### Арнайы емтихан мақсаты:

- ✓ мұғалім мамандығына қызығушылықты айқындау;
- ✓ өз ойларын сауатты түрде айту іскерлігін ашу;
- ✓ талапкердің педагогикалық бағыттағы мамандықты меңгеруге жеке тұлғалық алғышарттарын анықтау.

### Арнайы емтихан міндеттері:

- ✓ талапкердің педагогикалық бағыттағы әлеуетін бағалау;
- ✓ педагогикалық жағдаяттарды шешуге қабілеттерін анықтау;
- ✓ талапкердің білім беру бағдарламасына түсу ынтасын және ЖОО бітіргеннен кейін педагог мамандығында қызмет етуге ұмтылысын анықтау.

### Арнайы емтихан түрі – компьютерлік тестілеу.

Емтихан комиссиясы педагогикалық бағыттағы мамандарды дайындау бойынша жоғары білікті оқытушылар санынан құрылады.

## 2. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға қабылданатын тұлғаларды дайындау деңгейлеріне қойылатын талаптар

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға қабылданатындар білім беру үрдісінің мектепке дейінгі және мектеп деңгейіндегі күрделі педагогикалық жағдаяттарды шешіп, өз ойларын айтуы қажет.

Педагогикалық жағдаятты шешу барысында «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша білім бағдарламасына қабылданатын тұлғаға шешуге қажетті педагогикалық тәсілдемені талап ететін фактілер, өмірлік жағдаяттар ұсынылады.

## 3. Арнайы емтихандар өткізілетін топтардағы білім беру бағдарламалар тізімі

	Білім беру бағдарламаларының атаулары
1	Педагогика және психология
2	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие
3	Бастапқы оқыту педагогикасы және әдістемесі
4	Кәсіптік оқыту мұғалімдерін дайындау
5	Математика мұғалімдерін дайындау
6	Физика мұғалімдерін дайындау
7	Информатика мұғалімдерін дайындау
8	Химия мұғалімдерін дайындау
9	Биология мұғалімдерін дайындау
10	География мұғалімдерін дайындау
11	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерін дайындау
12	Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімдерін дайындау
13	Орыс тілі және әдебиеті мұғалімдерін дайындау
14	Шетел тілі мұғалімдерін дайындау
15	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бойынша мамандарды дайындау
16	Арнайы педагогика бойынша мамандарды дайындау